

Ауғанстан Ислам Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 849 қаулысы

Ауғанстан Ислам Республикасындағы жағымсыз табиғи құбылыстар салдарынан болған әлеуметтік-экономикалық ахуалға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Ауғанстан Ислам Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтар б р о н ь н а н ш ы ғ а р ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі ізгілік жүкті Ауғанстан Ислам Республикасына межелі пунктіне дейін тасымалдау және жеткізу үшін жылжымалы құрамды уақтылы беруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар, Қаржы, Көлік және коммуникация министрліктері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ресми ізгілік көмекті алушыны айқындасын және оны көрсету жөніндегі шараларды үйлестіруді қамтамасыз е т с і н .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

3 1

ш і л д е д е г і

№ 8 4 9

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Ауғанстан Ислам Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін шығарылатын материалдық құндылықтардың тізбесі (Джаузджан провинциясы)

р/с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4
1	Сүт консервілері	ф.б.	274352
2	Макарон өнімдері	кг.	167994
3	Өсімдік майы	л.	21000
4	Жылы шалбар	дана	4755

5	Жылы куртка	дана	4755
---	-------------	------	------

Ауғанстан Ислам Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін шығарылатын материалдық құндылықтардың тізбесі (Бадахшан провинциясы)

р / с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4
1	Сүт консервілері	ф.б.	130000
2	Макарон өнімдері	кг.	71997
3	Өсімдік майы	л.	21000
4	Жылы шалбар	дана	2037
5	Жылы куртка	дана	2037

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК